# Жалағаш жаршысы

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

№64 (9847)
13 тамыз, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

## Құттықтау

**Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері!**

Сіздерді бүгінгі кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Құрылысшы – құрметті мамандық, құрылысшы болу – жасампаздыққа құштарлық!

Құрылыс – адамзат баласымен бірге келе жатқан жасампаз кәсіп. Бүгінде аймағымызда, өңірімізде құрылыс саласы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайының артуына айрықша ықпал етіп келеді. Ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылардың еңбегі ерен.

Қазіргі Жалағаш кенті мен осыдан он-он бес жыл бұрынғы Жалағаш қыстағын салыстыруға келмейді, екеуінің арасы жер мен көктей. Бұл дегеніміз еліміздің экономикалық жағдайы мен аудан тұрғындарының әл-ауқатының жақсарғандығының дәлелі. Елде, өңірімізде атқарылып жатқан барлық игілікті істердің басында әрине, құрыш қолды құрылысшылардың жүргенін білеміз.

Ауданда құрылыс саласында алдағы уақытта да атқарылатын іс көп. Олардың барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асады. Елде атқарылған игілікті істердің барлығы құрылысшының қажырлы еңбегімен, маңдай терімен келді.

Қатардағы құрылысшыдан бастап мекеме, ұжым басшыларын, құрылыс саласына қатысты барлық азаматтарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға береке-бірлік тілеймін!

**Асқарбек Есжанов,**
**Жалағаш ауданының әкімі**

Салтанатты шара

# Құрылысшылар құрмет төрінде

**Әр саланың ел дамуына қосар үлесі зор. Соның ішінде республиканың дамуының көрсеткіші саналатын құрылыс саласының серпін алуы көңіл қуантады. Кешегі тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары жер-жерде кірпіші қаланған ғимараттардың барлығы осы сала мамандары жұмысының нәтижесі деп білеміз. Басқа өңірлерді айтпағанның өзінде өзіміздің ауданның дамуы да бұрынғыға қарағанда едәуір ілгері. Бұл сөзімізге жыл сайын аудан орталығынан бой көтерген жаңа нысандар мен келбеті келісті ғимараттар дәлел болмақ.**

Құрылыс саласы – ел экономикасының көрсеткіші. Бүгінде аймағымызда, өңірімізде құрылыс саласы қарқынды дамып, ел экономикасының, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайының артуына айрықша ықпал етіп келеді. Жалпы кез келген жұмыстың өз маманы болады. Ал біз айтып отырған құрылыс саласында жүргендердің, ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылардың еңбегі ерен. Бүгінде құрыш қолды құрылысшылардың қолтаңбасымен қаланған әрбір ғимарат кент келбетіне көрік беріп, халыққа қызмет көрсетіп тұр. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін, жауапкершілігі мол сала қызметкерлерінің еңбегі де елеусіз қалған емес.

Жыл сайын тамыз айының екінші жексенбісі құрылысшылар күні ретінде атап өтіліп, саланың дамуына үлес қосқан мамандарға құрмет көрсетіледі. Биыл да атаулы күні Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Мерекелік жиынның шымылдығы аудандағы аталған саланың дамуына шолу жасалған бейнекөрсетіліммен ашылды. Мұнан соң өңір халқына, оның ішінде құрылысшылар қауымына аудан әкімінің орынбасары Алтынбек Дәрібаев аудан әкімінің құттықтауын жеткізді.

– Қазіргі Жалағаш кенті мен осыдан он-он бес жыл бұрынғы Жалағаш қыстағын салыстыруға келмейді, екеуінің арасы жер мен көктей. Бұл дегеніміз еліміздің экономикалық жағдайы мен аудан тұрғындарының әл-ауқатының жақсарғандығының дәлелі. Елде, өңірімізде атқарылып жатқан барлық игілікті істердің басында әрине, құрыш қолды құрылысшыларымыздың жүргенін білеміз. Ауданның құрылыс саласындағы атқарылған жұмыстарда, саланы алға жылжытып, құрылыс сапасының артуында сала ардагерлерінің де өзіндік қолтаңбасы мен үлесі бар. Құрылысшы ардагер ағаларымыз бен апаларымыз біздің мақтаныштарымыз, олардың өмірі мен қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Құрылыс саласында ауданда алдағы уақытта атқарылатын істер көп. Олардың барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асады. Елде атқарылған игілікті істердің барлығы Сіздердің қажырлы еңбектеріңізбен, маңдай терлеріңізбен атқарылуда, құрметті құрылысшылар. Сіздердің ел үшін еткен еңбектеріңіз құрметке лайық. Қатардағы құрылысшыдан бастап мекеме, ұжым басшыларын, құрылыс саласына қатысты барлық азаматтарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға береке-бірлік тілеймін, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, аудан көлемінде жаңадан көптеген әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер бой көтеріп, құрылыс қарқынды жүруде. Осы жылдың өзінде құны 2 млрд 367,9 млн теңгені құрайтын, 200 балаға арналған оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі ғимараты құрылысы, дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ 170 гектар «Ақтерек» учаскесіндегі су жинау, су айдау кешені құрылысы, Аққұм, Мәдениет елді мекендеріндегі ауыз су желісін кеңейту құрылыстары және жеке қаражат есебінен Жалағаш кентіндегі Дәуімбай елді мекенінен жаңа мешіт құрылысы жүргізілуде.

Салтанатты жиында бірқатар сала ардагерлері мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, министрліктің алғыс хатымен, Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет» грамотасымен, алғыс хатымен, Қызылорда облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқарма басшысының алғыс хатымен, Жалағаш ауданы әкімінің құттықтауымен, алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты шара мәдениет үйі өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

## 5 млн гектар жер мемлекетке қайтарылады

**Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.**

Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев ауыл шаруашылығы жерлерін анықтау және қайтару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы есеп берді. Оның айтуынша, жыл басынан бері және 10 тамыздағы жағдай бойынша комиссия 1 млн 119 мың га жерді мемлекетке қайтарды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7 есе көп. Былтыр көрсеткіш 400 мың га көрсеткен болатын.

«Қазір 2 млн 94 мың га алаңда жер пайдаланушыларға қатысты 724 жоспардан тыс тексеру жүргізілуде, прокуратура органдарында 698,4 мың га жерді тексеру бойынша 48 өтініш тіркеу сатысында тұр», – деді министр.

Бұдан бөлек, жыл басынан бері ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелері әкімдіктердің учаскелерді заңнама талаптарын бұза отырып берген 74 факті анықталды.

«Сонымен қатар мал жаю үшін 16 млн га көлемінде жайылымдардың жетіспеушілігі байқалады, бұл жағдай мал басының қысқаруына және ауылдағы әлеуметтік наразылықтың өсуіне алып келеді», – деп толықтырды Ербол Қарашөкеев.

Жалпы, комиссия 7,45 млн га алаңда 2584 субъектіге қатысты тексеру жүргізуді жоспарлап отыр, оның ішінде 585,2 мың га егістік пен 6,86 млн га жайылымдық жер бар.

Ауыл шаруашылығы министрі жергілікті әкімдіктерді пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы алқаптарын анықтау бойынша жұмысқа белсенді қатысуға, сондай-ақ АШМ-ге жер учаскелері бойынша ұсынылатын деректердің анықтығы мен өзектілігін бақылауға шақырды.

2022 жылы 9 тамызда Қазақстан Президенті жер заңнамасының сақталуына тексеру жүргізуге мораторийдің күшін жоюды көздейтін Жарлыққа қол қойғаны белгілі.

Биылғы жылдың соңына дейін мемлекет меншігіне пайдаланылмай жатқан және қолданыстағы заңнаманы бұза отырып берілген 5 млн гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін қайтару жоспарлап отыр.

# Қолда барды кәдеге жаратсақ

**Халқымыздың ата кәсібі – мал асырау. Төрт түлігі түгел қазақтың тұрмысы да түзу болыпты. Қазірде сол ата кәсіп қайта жаңғырды. Біздің ауданымызда да мал шаруашылығы жылдан-жылға өркен жайып келеді. Ауыл халқын айтпағанда, қазірде қалалықтардың өзі ауылға келіп, мал ұстап, басын көбейтуге ынталы. Бұл орайда талап қылғандарға мемлекеттен жан-жақты қолдау бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырғандардың қатары артып келе жатқаны қуантады.**

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметінше, соңғы жылдары ауданымыз бойынша мал өсірумен айналысатын 136 шаруашылық тіркелген. Өткен жылдармен салыстырғанда аудан бойынша мал басы екі есеге артқан. Бастысы, үлкен кісілер: кеңес кезеңімен бірге келмеске кетті-ау деп уайым қылып жүрген, сүті мен етінен бөлек, шудасына дейін емдік қасиеті бар ойсылқара тұқымы көбейген. Сол секілді жылқының да саны артып, өрісі кеңейген. Ал мүйізді ірі қара асырап отырған шаруашылықтар сиыр тұқымын асылдандыруды қолға алғанына да бірнеше жыл болды. Нәтижесіз емес, сүт, ет бағытында көл-көсір өнім беретін зеңгі бабаның жаңа тұқымы пайда болды. Шаруашылықтардан бөлек, ауылдық жерлерде екі үйдің бірі қорасына қой-ешкі ұстайды.

Өткен ғасырдың соңына дейін ауданымызға қарасты Қызылқұм аймағы тұтастай Аққыр, Жаңадария секілді екі кеңшардың мал жайылымы болатын. Одан соң қоғам ауысқанда, қойдың тұяғы түгесіліп, бір жылдың ішінде құм іші қаңырап қалды. Қазірде ауыл азаматтары сол бос жатқан өріске мал толтыруды қолға алған. Солардың бірі – Әуезхан Есбергенов. Әуезхан ағамыз 2007 жылы «Туған жер» шаруа қожалығын құрып, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданынан 500 бас қазақтың асыл тұқымды ірі қылшық жүнді, құйрықты қойын алып келіп, қырдың малын құм ішіне жерсіндірді. Қазірде аталған шаруашылықта мал басы 4 мыңға жуықтап қалған.

Әрине, төрт түлік қазақ үшін қашаннан құт, береке. Еті – тамақ, жүні мен терісі – киім, төсеніш. Алайда, бүгінгі мал баққан шаруалар шопан ата тұқымының тек етін ғана пайдаға асырып отыр. Ал жүнін кәдеге жаратпайды. Иә, халқымыздың тұрмысы өзгерді: бүгінде қой жүнінен киіз баспайды, киім тоқымайды. Синтетикалық жіптерден тоқылған киімдерді киіп, төсеніштерде отырамыз.

Таза жүннен тоқылған кілемдер мен киімдердің бағасы нарықта қымбат және олар Қазақстаннан өндірілмейді, алыс-жақын шетелдерден тапсырыс арқылы келеді немесе алыпсатарлар көтерме бағамен әкеледі. Ал біз қолымызда бар дүниені кәдеге жарата алмай, қоқысқа тастап отырмыз. Мәселен, жоғарыда аталған «Туған жер» шаруашылығында жылдың екі мезгіліндегі қырқым науқанында әр қойдан жоқ дегенде 5-6 келі жүн алынады. Енді шаруашылықтағы төрт мың қой сыртқы «тонын» шешкенде, қанша келі биязы қылшық шығатын шамалай беріңіз. Сонда біз бір тігін фабрикасының бір жылда шығаратын өнімінің табиғи шикізатын бір күнде қоқысқа тастап, өртеп жіберіп отырмыз. Бұл жөнінде қой шарауашылығын қолға алған кәсіпкерлердің қай-қайсысы да қынжылыстарын жасырмайды.

«Бабаларымыз төрт түліктің етін де, сүтін де, жүнін де, терісін де далаға тастамаған, кәдеге жаратып, тұрмысына пайдаланған ғой. Кешеге дейін ауылдағы әкелеріміздің, ешкі терісінің жүнін жидітіп, ыстап, мес жасап, қылынан арқан ескенін, түйенің мойын терісінен торсық, керегінің көзін көктейтін қайыс істегенін, қой терісінен тон тіккенін, байпақ, қалпақ, пима басқанын, жылқы терісінен жақы тіккенін көріп өстік. Ал қазірде төрт түлікті тек еті мен сүті үшін бағып отырмыз. Жүні мен терісін ештеңеге жарата алмай, ысырап етіп жатырмыз. Қой жүніне деген сұраныс мүлдем жоқ. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы немесе облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы осы мәселені ескеруі керек», – дейді Әуезхан ағамыз.

Айтса айтқандай, қазірде қой қырқылған соң жүндері қобырап далада қалады. Терісінің өзі алыпсатарлар арқылы шетел асып жатыр. Өйткені, өңірімізде, тіпті елімізде тері өңдеп, одан киімдер мен түрлі бұйымдар тігіп шығаратын өндіріс орындары жоқ. Әуезхан ағамыз айтқандай, бүгінде ауыл тұрғындарының өзі бұрынғы бабаларымыздың теріні қолдан өңдеу технологиясын білмейді. Ауылда жүн сабап, ұршық иіріп отырған әйелдерді көре алмай жүрміз. Киіз, текемет басып, өрмек құрып, алаша, киіз үйдің басқұры мен бау-шуын тоқып отыратын әжелеріміз де жоқ...

Тоқсаныншы жылдары ауылымызға Түркиядан қандас бауырларымыз келіп, қой терісін, қаракөл елтірісін және ешкі қылын алып жүрді. Ауыл халқы қолдарында барын солардың берген болмашы ақшасына пұлдады. Стамбул шаһарында тұратын біздің де туыстарымыз бар. Елге бір қыдырып келгенде бала болсам да дастарханның бір бұрышында отырып, әңгімесін тыңдадым. Ол жақтағы төрт адамның бірінің мал терісін өңдейтін шағын жеке цехы бар көрінеді. Мәселен, бір қойдың терісін арнайы аппаратпен айналасы 15-20 минуттың ішінде жүнінен жидітіп тазалап, илеп, киім тігуге шикізат ретінде дайын қылады екен. Ал сол бір теріні қолдап дайындасаң, бірнеше күн уақытың кеткен болар еді. Сосын әлгі түркиялық туыстарымыздың айтуынша, өңдеуден өткен бір қойдың терісінің өзі төрт-бес қабатқа бөлініп, ажыратылады екен. Жалпы қой терісінің туар ретінде сапасы өте жоғары әрі құнды екені белгілі. Әлгі бірнеше бөлікке бөлінген терінің әрқайсысының жұқалығына және тері қабатының майлылығына қарай өзіне тән сапасы, бағасы болып тұр ғой. Үлбіреген қабатының өзі киімдердің құрағына, жағалары мен қалталарына таптырмайтын шикізат екен. Қысқасы, Түркияда малдың бір тал қылы мен терісінің бір пұшпағы да далада жатпайды, бәрі кәдеге асады. Өйткені, оларда сол бағыттағы өндіріс жолға қойылған...

Айтпағымыз, біздің ауданымызда да дәл қазірде күніге жүздеген мал сойылады. Сол пышаққа ілінген төрт түліктің терілері етінен ажыраған соң қоқысқа кетеді. Қырқымнан соңғы текше-текше болып үйіліп қалатын қойдың жүніне де қазір сұраныс жоқ екенін жоғарыда шаруалардың аузымен айттық. Ал мал егелері қойдың жүнін қорада, сарайда сақтасақ, күйе түсіреміз деп сол заматта-ақ аулаққа апарып өртеп жібереді. Сөйте тұра, біз қазір өзіміздің жұртта болса қызыға қарап, сатып алуға ақшамыз жетпей жүрген үлкен сауда орталықтары мен супер маркеттердегі қымбат бағалы киімдер, қымбат бағалы төсеніш кілемдердің шет мемлекеттерде қойдың жүнінен жасалатын таза табиғи өнім екенін ескере бермейміз...

**Қуат АДИС**

Сұхбат

А.СҮНДЕТБАЕВ, аудандық №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебінің оқу-ісі жөніндегі орынбасары:

# «Мақтан тұтар спортшыларымыз жетерлік»

**Ауданда соңғы жылдары спорт саласы қарқынды дамып келеді. Мұның дәлелі спортшыларымыз облыстық, республикалық, қала берді халықаралық додаларда үздік нәтижелерді көрсетіп жүр. Бұл ретте үйірмелер мен спорт мектептері спорттың алға қадам басуына, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына себепкер болып отыр. Десе де арқаны кеңге салып отыруға тағы да болмайды. Аудандағы спорттың дамуына, бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған жұмыстардың мән-жайы, спортшылардың алдағы додаларға дайындықтары қалай өтуде? Осы және өзге де сауалымызға жауап алу үшін аудандық №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебінің оқу-ісі жөніндегі орынбасары Айтбек Сүндетбаевпен сұхбаттасқан болатынбыз.**

***– Айтбек Маханбетұлы, Жалағаш ауданы облыста қай спорт түрлерінен алда келеді? Жалпы спорт мектебінің атқарып жатқан жұмысына, жетістіктеріне кеңінен тоқталсақ...***

– Өзімнің бұл салада еңбек еткеніме біраз жыл болыпты. Шамашарқымша аудан спортын дамытуға жұмыс жасап келеміз. Алдағы уақытта да осы мақсатқа бар күш-жігерімді, қарым-қабілетімді жұмсай беремін. Ал сіздің сауалыңызға келсек, Жалағаш қазір облыста күрес спортымен танымал аудан. Тек аймақта ғана емес, байрақты бәсекелерде де дәл осы спорт түрінен талай рет бағымыз жанды. Атап айтар болсақ, ауданымыз 2019 жылдың қорытындысы бойынша облыстық рейтингте 21 спорт мектептері арасында үшінші орынға ие болды. Сол жылдың қыркүйек айында дзюдодан әлем біріншілігінде Тілеген Тынарбай қола жүлдеге ие болса, самбодан Грузияда өткен әлем біріншілігінде Оразбай Арайлым қола жүлдені жеңіп алды. 2020-2021 жылдары аралығында бәрімізге белгілі коронавирус пандемиясының салдарынан спортшылар ешқандай жарысқа шыға алмады. Ал 2022 жылдың 6 айлық қорытындысына тоқталсақ, Шымкент қаласында өткен белбеу күресінен ҚР-ның біріншілігінде Ұласхан Алпысбай 80 келі салмақта бірінші орынды иеленіп, ҚР-ның спорт шебері атағын алды. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласында өткен белбеу күресінен ҚР-ның біріншілігінде Арайлым Оразбай күміс жүлдегер атанса, самбо күресінен Семей қаласында өткен әйелдер арасында ҚР-ның біріншілігінде екінші орынды иеленді. Осы аптада белбеу күресінен Қызылорда қаласында өткен ҚР-ның біріншілігіне облыстық іріктеуде Альбина Смайл, Нұрай Тахир жүлделі орындардан көрінді. Самбодан, белбеу күресінен чемпиондар шығарып жүрген жаттықтырушы Ж.Есеновтың еңбегін ерекше айта кету керек. Ал дзюдоға тоқталатын болсақ, бұл спорт түрінен ауыз толтырып айтатын жетістіктер баршылық. Дзюдодан Нұр-Сұлтан қаласында өткен ҚР-ның біріншілігінде 60 келі салмақта Серік Нұрсұлтан үшінші орынды иеленді, жаттықтырушысы Ө.Кәлменов. Күні кеше Жетісу облысы Талдықорған қаласында өткен ҚР-ның IV жазғы ойындар сайысында дзюдодан жаттықтырушы Е.Көшербаев бастаған спортшыларымыз жүлделі орындармен оралды. Атап айтар болсақ, Р.Маншарипов екінші орын, Бейбарыс Сұлтан бірінші орын, Темірболат Ерсұлтан үшінші орын, Альбина Смайл үшінші орынды иеленді. Бокстан жүлдегерлер шығарып жүрген жаттықтырушылар Әкімбек Әмірбек пен Есжанов Нұрланның еңбектерін де айта кетейік. Бокстан осы жылдың 16-21 наурыз аралығында Тараз қаласында өткен аймақтық біріншілікте Нұрмұрат Береке, Ақназаров Айдын үшінші орынды қанағат тұтса, ал Ақтөбе қаласында өткен ҚР чемпионатында Нұрмұрат Береке, Илиясұлы Ринат үшінші орынды жеңіп алды.

***– Бәрекелді, дегенмен ауданымыз қашаннан күрес спортынан ілгері екені баршамызға белгілі. Аудан жұртына айтарлықтай таңсық емес спорт түрлері де бар, мысалы ауыр атлетика, жеңіл атлетика, доп ойындарысынды спорт түрлерінің дамуы қалай? Әңгімені осы сауалдың жауабымен жалғастырсақ...***

– Сіз айтып отырған спорт түрлерінен бұрын бізде бірқатар кемшін тұстарымыз болды. Қазір республикалық додаларда аталған спорт түрлерінен өнер көрсететін спортшыларымыз жеткілікті. Осы жылы жеңіл атлетикадан Алматы қаласында өткен ҚР-ның біріншілігінде жаттықтырушы Ж.Қарақұлов бастаған жеңіл атлеттеріміз Ларина Людмила екінші орынды, Балауса Қалнияз үшінші орынды иеленсе, Дінмұхамед Смағұл алтыннан алқа тақты. Ауыр атлетикадан да бірнеше жетістіктеріміз бар. Ауыр атлетикадан Атырау қаласында өткен 23 жасқа дейінгі ҚР-ның біріншілігінде Мәди Пернебекұлы үшінші орынға ие болды. Семей қаласында өткен ҚР-ның біріншілігінде Дияс Тұрсынбай үшінші орынға тұрақтаса, Али Медетбаев екінші орынды жеңіп, ҚР-ның спорт шебері атағын алды. Ауыр атлеттеріміз "Бұл жетістіктермен тоқтап қалмаймыз" – дейді. Қыркүйек айының 23-25-і Қостанай қаласында ересектер арасында ҚР-ның біріншілігі, сондай-ақ қарашаның 23-30-ы жасөспірімдер арасында ҚР-ның біріншілігі өтеді. Қазіргі уақытта жаттықтырушылар Ә.Тұржанов, Н.Бахрадинмен бірге ауыр атлеттеріміз қызу дайындық үстінде. Ал волейболшылар облыс құрамасына іріктеуден өтіп, Қызылорда облысы командасы қатарында қыздар бірінші орынды, ұлдарымыз үшінші орынды жеңіп алды. Атап айтар болсақ, Берікбол Диана, Мырзаш Нұрсұлу, Мырзалы Асқар, жаттықтырушылары Л.Әбдіхалықова, Б.Болатбек және А.Әбілханов. Сондай-ақ күні кеше осы спорт түрінен 2009-2010 жылы туылған жасөспірімдер арасынан Түркістан қаласында өткен ҚР-ның жазғы біріншілігінде облыс құрамасы сапында Марат Төлеген мен Дәулет Талғатұлы жүлделі бірінші орынды иемденді. Мектепте таеквондодан үйірме өз жұмысын жасап тұр, жаттықтырушысы М.Рахметов. Бұл спорт түрінен де жетістіктеріміз жеткілікті. Ақтөбе қаласында өткен ҚР біріншілігінде Жақсылық Нұрай күміс жүлдегер атанды. Таеквондошы қызымыз Болгарияда өтетін әлем чемпионатына және Вьетнам астанасы Хошимин қаласында өтетін Азия чемпионатына қатысу мақсатында Нұр-Сұлтан қаласына тыңғылықты оқу-жаттығу жиынына барып келді.

***– Мектепке балаларды қай жастан бастап қабылдайсыздар?***

– Спорттың тәртібі бойынша біз балаларды 6 жастан бастап қабылдаймыз. Әрине, біз оларды бірден спорттың қиын түріне қабылдай салмаймыз. Спорттық мектеп болғасын жас жеткіншектердің спортқа деген қызығушылығын ояту мақсатында ең бірінші ойын түрлеріне аламыз. Содан кейін ыңғайына қарай, өздерінің таңдауы бойынша бейімділігін байқап, басқа спортқа икемдейміз. Бала болғасын олардың ең бірінші ынтасын, қызығушылығын оятып, қызықтыруға баса мән береміз. Ол үшін біздің арнайы мамандар, біліктіліктен өткен жаттықтырушылар жұмыс істеп, балаға бар жағдайды туғызады.

***– Маман ретінде айтыңызшы, чемпион қалай қалыптасады?***

– 1 пайыз талант пен 99 пайыз төгілген тер ғана табысқа қол жеткізуге жол ашады. Жалпы адамның бойында туа біткен қандай да бір іске деген қабілеті болады, оны қолданса дарындылығы байқалады, әрі қарай дамып, жетілдірсе талантқа айналады. Дамытпаса, бойындағы қабілет жұмбақ түрінде қалып қояды. Спорт та, спортшы да сол сияқты. Спорттың кез келген түріне деген бірінші бойда қызығушылық керек. Ал оны әрі қарай дамыту спортшының өз қолында.

***– Бұл сөздеріңіз білікті қызметкер, нағыз спорт жанашырының жауабы болды. Енді мектептің алдағы жоспарларымен бөліссеңіз?***

– Алда жоспар өте көп. Мектебіміздің техникалық базасы жақсы. Әрине мектебімізге қазіргі заманауи тұрғыда салынған спорт кешені беріліп жатса, үлкен демеу болары сөзсіз. Десе де, байрақты бәсекеде аудан намысын қорғап жүрген спорт саңлақтарының әрбір жетістігі саланың дамуына тікелей әсер ететінін жақсы түсінеміз. Сөзіме дәлел ретінде мақтан тұтар спортшыларымыздың жетерлік екенін айта аламын. Алдағы уақытта да барлық әріптестеріммен бірге аудан спортын дамытуға жұмыс жасай береміз.

***– Сұхбатыңызға рахмет, спорт мектебі болашақ чемпиондардың ұстаханасына айналсын.***

**Сұхбаттасқан Жандос ЖАЗКЕН**

Үздік спортшы

# Дінмұхаммедтің талабы таудай

**Жуырда Жеңіл атлетиканың 23 түрінен өткен Ел біріншілігінде жалағаштық жас өрен Дінмұхаммед Смағұл топ жарып, аймақтың абыройын асқақтатты. Осылайша Жалағаштың алдыңғылардан болып, жетістік шыңынан көрінуін басты мақсат тұтқан және осы жолда үнемі дайындық үстінде жүретін жас спортшы тағы бір мәрте бағын сынады.**

2005 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген Дінмұхаммед спорт мектебіне 13 жасында қабылданыпты. Содан бері спортпен шұғылданып жүрген жас қазір жеңіл атлетика, оның ішінде найза лақтырудан жаттығып, дүбірлі додаларда сынға түсіп келеді. Жас спортшы бұған дейін облыстық жарыстарды айтпағанның өзінде, республикалық турнирде 3 дүркін жүлдегер, оқушылар гимназиадиясында күміс жүлдегер атанып үлгерген.

«Жастайымнан салауатты өмір салтын ұстануды қаладым және осы жолда, яғни спортқа келгеніме еш өкінбеймін. Керісінше бос уақытымды тиімді пайдаланып, тіпті барлық күш-жігерімді спортқа арнап жүргеніме қуанамын. Жаттықтырушымның еңбегінің нәтижесінде, ата-анамның қолдауының арқасында талай жетістікке де жеттім» деген жас спортшының бапкері де осал адам емес.

Кезінде атымен де, абыройымен де көпке танылған, көзі тірісінде Жалағашта жеңіл атлетикадан талай жамповздарды шыңдаған Мақсат Қарақұлов ағамыздың баласы Жандос Қарақұлов. Мақсат ағамыз кезінде ауылдағы таланттардың тасада қалмауына көптеп көңіл бөлсе, қазір оның ізін жалғаған баласы да спортқа ынтасы бар ауыл балаларын тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікті арқалап жүрген азамат.

«Біз баулыған спортшылардың үздіктер қатарынан көрінуі еңбектің еленгені деп білемін. Әрине, жарыс болған соң, жеңіс те болады, жеңіліс те болады. Аудан спортшылары бас бәйгені емес, төменгі орынды қанағат тұтып жатса оның өзі ауданымыз үшін үлкен жетістік деп есептеймін. Спортшыларымыз барынша жақсы өнер көрсетуге, намысты қолдан бермеуге тырысса, көштің соңында қалмасақ болды. Ал кейде кемшіліктер болып жатса, оның өзі біз үшін сабақ. Тәжірибе деуге болады. Үнемі ізденіс үстіндеміз, шынығу, жаттығу жұмыстары да жүйелі түрде өткізілуде. Сондықтан алдағы уақыттарда да топ ішінен дара шығып, үздіктер қатарынан көрінуге сеніміміз бар» деген жаттықтырушы қыркүйектегі чемпионаттың іріктеу кезеңіне дайындық жүріп жатқанын атап өтті.

Ал кешегі 2005-2006 жылғы жасөспірімдер арасында өткен Ел біріншілігінде Дінмұхаммедтің 11 баланың ішінен топ жарып, аудан намысын лайықты түрде қорғап шығуы аудандағы спорт саласының әжептәуір дамығанын дәлелдейді. 51 метр 38 см-ға найза лақтырған жерлесіміз бұл сайыста алдына жан салмады. Ал мұнан кейінгі қос орынды да түркістандық спортшылар еншілепті.

Жерлесімізді сол уақыттан бері тәжірибелі бапкер Жандос Қарақұлов жаттықтырады. 2003 жылдан бері бапкерлікті өзіне серік еткен азаматтың Алматыдағы Ел біріншілігінде 5 шәкірті бақ сынапты. Олардың ішінде нәзікжандылар да бар. Жалағаштық өрендердің бірқатары найза лақтыруда жүлделерді сарапқа салса, қалғаны 100 метрге қысқа уақытта жүгіруде өзара мықтыны анықтаған. Нәтижесінде бір спортшы жеңіс тұғырынан көрінсе, №31 мектеп-гимназиясының түлегі Аружан Темірбек пен №202 орта мектептің оқушысы Балнұр Қалнияздың үздік үштіктен табылуына аз ғана ұпай жетпей қалған. Ал осыған дейін 100 метрге қысқа уақытта жүгіруден Қазақстанда үздік ондықтан түспеген жалағаштық Расул Серік бұл додада да өз міндетін абыройлы орындапты.

Жалпы аудан спортшыларының, оның ішінде №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебінің жарыстарға дайындығында, жаттықтырушылар тарапынан жасалатын жұмыстың жүйесінде тілге тиек етіп айтар тұсы көп-ақ. Ал Дінмұхаммедтің бапкері Жандос Қарақұлов шәкіртімен мұнан да үлкен додаларда биік белесті бағындырарына, алдағы уақытта дәл осы спорт түрлерінен дайындықты жетілдіріп, жоғары нәтиже көрсетуге жұмыс жасайтынын айтты.

Сыр елі, оның ішінде Жалағаш өңірінен талай тарландар мен таланттар шыққаны белгілі. Табиғат бойына күш-қуат, талант берген ұл-қыздарымен туған жердің мәртебесі қашанда биік. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей, жарыс болған соң жеңіс те болады, жеңіліс те болады. Бірақ кім де болса жарысқа жеңемін деп барады. Ал спорт саңлақтарының бойында сондай «жеңемін» деген ішкі арман-мұраты мықты болса, жеңіс тұғырына көтерілетіні анық.

**Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ**

Бапкер

# Талай шәкіртті шыңдаған

**Спортшылардың жетістігін сөз еткенде оларды бәйге атындай күтіп, баптап, кіл мықтының арасында озық шығуына сенім артқан, күш-жігерін қайрап, талабын шыңдаған, намысты қолдан бермеу басты ұран екенін айтып мақсатына қанат бітірген жаттықтырушылардың еңбегін елемеу мүмкін емес. Жас спортшылардың жеңісті бағындырып, жүлделі орынға ие болуына басты себепкер де осы жаттықтырушылар. Біз табан тіреген №13 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар және жасөспірімдер мектебінің волейболдан жаттықтырушысы Ләззат Әбдіхалықованың шәкірттері де командалық жарыстарда намысты қолдан бермей келеді.**

«Туған жерінен күш-жігермен аттанған спортшылар намысты қолдан бермеуге тырысып бақты. Аудан мерейін асыруда, абыройын асқақтатуда маңдай термен, білектің күшімен сынға түсетін әрбір спортшының еңсесі биік болуы керек. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» дегендей, біздің міндет аламанға аттанған әр саңлақтың тілеуін тілеу, жігерін жасытпай қайратын қамшылау» деген спорт мектебінің бапкері Ләззат апамыз әңгімесін осылай бастады. Мектеп қабырғасынан бастап волейболға қызығушылығы болған жаттықтырушыны сол бала күнгі арман-мақсаты осы салаға жетелеп алып келді. 2002 жылы алғашқы еңбек жолын осында бастаған жаттықтырушы бүгінде өзінен кейінгі жас бапкерлерге тәжірибесімен бөлісе алатындай дәрежеге жеткен жан. Жиырма жылдан астам еңбек өтілінде саланың дамуына, аудан спортшыларының шыңдалып, кәсіби біліктілігін арттыруына үлесін қосты.

– Осы салаға келгелі бері нәтижеге жұмыс жасауды алдыма мақсат етіп қойдым. Әр жарыс алдында ауданның намысын қорғайтындықтан, шәкірттердің дайындығына, олардың жеңіске жетуіне және арнайы режимнің сақталуына аса мән беремін. Өйткені, спортшылардың жаттығу уақыты, тамақтануы және ағзасының уақытылы демалуы да үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан да спортшы қыздарыма барлық талап пен тәртіпті қатаң сақтауды айтып отырамын. Шүкір, менің еңбегім елеусіз емес, жетістігіміз жетерлік. Мен баулыған жас спортшылар жарыстарда жерге қаратпай, жүлдемен оралып жүр. Мәселен, 2019 жылы Жаңақорғанда өткен 2006-2007 жылғылар арасындағы сайыста қыздарым үздік үштікке ілінді. Ақерке деген шәкіртім облыс құрамасына еніп, Петропавл қаласындағы республикалық жарысқа қатысып қайтты. Бұдан да бөлек облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып жүрген спортшыларымыз бар, – деген командалық спорт түрінің жаттықтырушысы бапкерлік үлкен жауапкершілікті қажет ететінін жеткізді.

Иә, әйел адам болса да талай мықтыны бәйгеге қосып, жүлдегер атандырған Ләззат Әбдіхалықованың саладағы еткен еңбегі аз емес. Кеше ғана Талдықорған қаласында өткен ауыл жасөспірімдерінің ойындарында облыс құрамасына енген шәкірттері Нұрсұлу Мырзаш пен Диана Берікбол жүлделі I орынды иеленген. Аталған спорттық сайыста үздік үштіктен көрінген жерлесіміз, осы спорт мектебінің жас спортшысы Мырзалы Асқар да бар. 2018 жылдан бері спорт мектебінде талабын шыңдап жүрген Нұрсұлудың білім алу мен спортты қатар алып жүруінің өзі оның табандылығы мен қабілетінің өзгеден жоғары екенін дәлелдейді. Айта кетейік, жас спортшы биыл мектепті тәмамдап, Абай атындағы педагогикалық университетіне грантқа түскен.

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» дейміз ғой, расында шын мықтының дүбірлі додада топ жарып, бас бәйгені алуы, спортшының жүлдегер болуы не олжасыз оралуы бапкердің бабына тікелей байланысты. Бабы мықты жасалған саңлақ кез келген биікті бағындырады. Кейіпкеріміз Ләззат апамыздың саладағы сан мың тәжірибесі ауданға әлі талай жеңісті әкеледі деп сенеміз.

**Н.АЛМАСҚЫЗЫ**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Абай – 177 жыл

# Абайды сұраған генерал

**Мен алпысыншы жылдардың басында әскери борышымды Литвада Каунас қаласының жанындағы стратегиялық-ракеталық бөлімде атқардым. Он мың шақырым қашықтықтағы қарсыластар нысандарын 35-40 минуттың ішінде тас-талқан қылатын қаһарлы қаруды игеру оңайға соққан жоқ. Бірақ кешегі елін ортақ жаудан қорғаған, қан төккен жеңіс солдатының балалары бұл қиындыққа тез көніп, өзімізге бекітілген техникамызбен әскери міндетімізді, Отанға берген антымызды адал орындадық.**

Сөздің реті келгенде айта кетейін, 1964 жылдың мамыр айында әскери бөлім ұзақ жаттығудан кейін Куба дағдарысында мұхиттың арғы жағында мемлекеттік тапсырманы орындап, құпиясы ашылып, қайтқан ракеталарды залалсыздандыру, атып сынау және оны жою үшін «Капустин-Яр» атом-сынақ полигонына келдік. Бір айдай әскери жаттығудан кейін мемлекеттік сынақтан өтіп, шілде айында өз бөлімшемізге қайта оралдық. Осы жаттығудағы еңбегімді бағалап, марапаттап, он тәулік еліме барып келуге демалыс беріп, СОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдап, ата-анама әскери бөлім командирі алғыс жолдаған болатын. Мені және басқа да кандидаттарды дивизияның саяси бөлім бюросына алып барды. Әр бөлімнен келгендер жүрегіміз дүрсілдеп, асқан қуаныш сезіммен өз кезегімізді күтудеміз. Ішке ену кезегі келді. Әскери тәртіппен киініп, барлық қол жеткен белгілерді кеудеге тағып, алпысыншы жылдардың басында қолдан-қолға тигізбей сүйіп оқитын жазушы Александр Бектің «Арпалыс» кітабындағы Бауыржан туралы оқыған кейбір бейнелерді еске алып, сарбазға тән шалт қимылмен есікті жұла тартып еніп, екі өкшемді сарт еткізіп, қаздиып тұра қалдым.

Мүмкін менің алдымда кіргендер мұндай рәсім жасамаған болар. Түкті кілем төселген атшаптырым кабинеттің екі жағындағы орындықтарда отырған жоғары дәрежедегі офицерлер мен төрдегі генерал, оның жанындағы екі шендісінің назары маған ауып, шыбынның ызыңы естілмейтін жағдайға тап болдым. Тыныштықты біздің бөлімнің партком хатшысы бұзды.

Ол әскери тәртіппен рұқсат сұрап, мені СОКП мүшелігінің кандидаттығына қабылдаудағы бөлім партия комитеті бюросының шешімімен таныстырып, оны бекітуді сұрады. Шамасы дивизия партия комитетінің хатшысы болу керек, қырықтың үш-төртеуіне шыққан, қызыл шырайлы, сирек шашты, кеудесінде Кеңес Одағы батырының жұлдызы бар генерал «жақсы, жақсы» деп екі рет қайталады. Көгілдір көзінің жылуын барынша сездіріп, менің ұлтымды, әскерге дейін не істегенімді, әке-шешемді, елдің жағдайын сұрап, мағлұмат алды. Әкемнің соғысқа қатысқанын, оның Сталинград майданында ауыр жарақат алғандығын, қазір әскери мүгедек екендігін тілім жеткенше айтып бердім. Ол жауабыма риза болды ма, түрі бұрынғыдан да нұрланып, «сұра, сұраңдар» деп қасындағыларға қарады. Бұрын генералдарды әскери жаттығу кезінде немесе шерумен өткенде көретінбіз. Оларға тікелей қарауға мұршамыз болмай, танаулап өтіп, жөнімізбен кететінбіз. Міне, бүгін аттары құлаққа айбынды естілетін үш генералдың алдында тұрмын, олар сұрақ беруде. Тау халқына ұқсас, мұрнының астында бармақтай мұрты бар генерал:

– Қазақтар Ұлы Отан соғысында жақсы соғысты, бұл жауынгер солардың ұлдары ғой, – деді өз сөзіне өзі жауап бергендей.

Үстінде авиация әскери формасы бар генерал:

– Мен, Николай Иванович, авиацияда болдым ғой. Біздің жаяу әскерлердің құрамында ол ағайындармен кездесіп тұрдық, – деп кешегі соғыс кезіндегі өмірлерін еске түсірді.

Мен бұрынғыдай емес, етім үйреніп, өзімді еркін ұстап, отырғандарға көз жібердім. Әскери тәртіп дегендей, барлығы да байсалдылықпен генералдардың сөзін тыңдап отыр, ешқандай артық қимыл, сыбыр сөз естілмейді. Біздер бюроға дейін партия бағдарламасын, коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексін жаттап алған болатынбыз. Ал СОКП тарихы мен партия съезіндегі мәліметтерді түнде тұрғызып сұраса да айтып беретін дәрежеге жеттік. Өз жағдайым мен дайындығымды жақсы білгендіктен, бағдарлама немесе моральдық кодекс-тен бір-екі сұрақ сұраса екен деп ішімнен ойлап қоямын. Бірақ жағдай олай болмады. Сөзді хатшы генерал өзіне тән байсалдылықпен бастады.

– Сен Абайды оқыдың ба? – деп маған байсалды жүзімен маңғаздана қарады.

Мұндай сұрақты осы жерде қояды деп үш ұйықтасам түсіме кірмеген, тез жауап бере алмай тұрып қалдым. Генерал маған құдды мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Қайназар Қосжанов ағайға ұқсап кеткендей болды.

Мен ойымды жинап алып жылдамдата:

– Оқыдым, жолдас генерал, – дедім.

– Оны кім жазғанын білесің бе? – деп сұрағын жалғастырды.

– Мұхтар Әуезов жазған, – дедім өз жауабыма риза болғандай генералдың жүзіне байыппен қарап.

Ол менің жауабыма онша қанағаттанбағандай:

– Заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов жазған. Ұлы ақын, философ, демократ Абай Құнанбайұлын өмір жолы арқылы жазушы ол өмір сүрген кездегі бүкіл қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен ұлттық салт-санасын, дәстүрін, бұрын оқырман қауым біле бермейтін жайын да жеткізе білген роман. Осы еңбегі үшін М.Әуезовке сталиндік сыйлық берілді. Қазір екі томдық «Абай жолы» романы Мәскеуде бірнеше тілге аударылуда, – дегенде бағанадан бері салғырттау тыңдап, «бізге не қажеті бар» дегендей ойдағы офицерлер бастарын көтеріп, генералдың аузына қарап қалыпты. Сөзін одан әрі жалғастырды:

– Жолдастар, ол – совет әдебиетінің алтын қорынан орын алған туынды.

– Иван Михайлович, – деп қатарында төртінші отырған полковникке қарады. Жақында Мәскеуде саяси басқармада ұлт әдебиеттері мен кинофильмдерін әскери бөлімдер мен мәдени ошақтарға көптеп жіберу, ұлт мәдениеті мен әдебиеттерін оқып үйрену туралы арнайы мәселе қаралды. Бізде орыс тіліне аударылған ұлт әдебиеттері онша көп емес қой. Сондықтан да әскери кітап сауда арқылы «Абай жолы» романын алдырыңдар, барлық бөлімдердің қызыл бұрышында, оқу залдарында, кітапханаларында болсын, – деп тапсырма да беріп үлгерді.

– Кімде қандай сұрақ, ұсыныс бар? – деп өз жауабына өзі риза болғандай, бір шолып өтті.

– Бөлім партия комитеті бюросының шешімі бекітілсін!

Мен СОКП мүшелігінің кандидаттығына өттім. Бозбала жастық шақтың қызуымен махаббат туралы, соғыс тақырыбына жазылған шығармаларға бой ұрып, осы тақырыптарға жазылған кітаптарды бір оқырмандай оқыған мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» мектептегі әдебиет хрестоматиясы көлемінен әрі қарай оқымағаныма өкіндім. Сол жылдың тамыз айында елге демалысқа келгенде аудан орталығында кітапханашы болып істейтін жеңгейден романды өзіммен бірге Литва жеріне ала кетіп, сүйікті кітабыма айналдырдым.

Міне, содан бері 56 жыл өтті. Есейдік, ер жеттік, балалы-шағалы болдық, ақсақалдық асуға да жеттік. Кезінде жан-тәнімізбен қызмет еткен Кеңес мемлекеті тарап, келмеске кетті. Ұлы Абай, Мұхтар туралы жақсы мағлұмат берген генерал қазір бұл дүниеде жоқ болуы да мүмкін. Бірақ ұлыларды тек қана ұлылар таниды дегендей, бүкіл дивизияның зиялы қауымына Ұлы Абай мен Мұхтарды таныстырып, Ұлы Жеңістің мақтанышымен кеуделері аспандаған әскери ортада қатардағы солдат менің төбемді көкке жеткізген генерал есімнен шықпайды.

**Рысбай КӘРІМОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Сұңғыла жырау әрі күйші Ақмырза Тұяқбаев

**Әнші, мақам өрнегі ерекше жырау Ақмырза Тұяқбаев 1911 жылы бұрынғы Сырдария облысы, Перовск уезі, Қышбөгет болыстығының қамтуындағы №7 ауылда (қазіргі Жалағаш ауданы, Еңбек ауылы) дүниеге келген. Шыққан тегі: Кіші жүз, Жетіру бірлестігінің Керейт тайпасының Жартай аталығы.**

Ақмырза көне жыршылық үрдіс мақам саздары, ескі халық әндері, сирек орындалатын күйлердің өзіндік нұсқасын шебер орындаған. Жыршылық өнерге жастай құмартқан ол немере ағасы Әмірбектен ескі жыраулық үрдіс мақамдарының мәйегін меңгеріп, ән айтуға машықтанады. Бертін келе Сыр өңірінде дамыған көне жыраулық өнер өкілдері Орынбай, Жиенбай, Молдахмет, Даңмұрын, Омар, Тұрмағамбет, Жүсіп, Тасберген сияқты сүлейлердің ізін жалғап, кәнігі орындаушылардың мақам машықтарын меңгеріп, репертуарын толықтырады.

Сөз қорында халық әндерімен қатар Сыр сүлейлерінің жыр-термелері болған Ақмырза салалы қисса-жырлардан Т.Ізтілеуовтың «Рауа-Бану» дастанын орындаған. Кейіннен, бұл шығарма жеке грампластинка болып шығып, түбіртек таспасы Алматы қаласындағы Ұлттық Ғылым Академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы.

1939 жылы Ақмырза Қарақалпақ АССР-ның Тамды ауданындағы Машина-трактор стансасында агроном болып жұмыс жасап жүрген кезінде Өзбек ССР-ы өнер қайраткерлерінің құрамында Мәскеу қаласына барып өз өнерін көрсетті. 1941 жылы Тамды аудандық драма театрының директоры болып қызмет атқарып тұрғанында театр жабылып, Ақмырза Сыр өңірінің халық ақыны, композитор Нартай Бекежановтың шақыруымен елге оралады. Сөйтіп, А.Тұяқбаев Нартайдың айналасына топтасқан ақын Әлібек Бәйкенов, күйші Жалдыбай Елеукеев, сықақшы Күндебай Алдоңғаров, әнші Мырзабай Әбілев сынды саңлақтармен қатар жүреді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Ақмырза Тұяқбаев соғыстың алғашқы күндерінен бастап Жеңіс күніне дейін ат үстінен түспей, қара домбырасымен қосыла өрілген асқақ ән-жырларымен жүдеген көңілдерді жұбатып, жауға арналған кек жалынын лаулата түсті. 30-жылдардың аяғына таман ұйымдастырылған «Нартай ансамблі» атанған атақты концерттік-үгіт бригадасымен кең-байтақ республикамызды, туысқан Өзбек, Қырғыз, Қарақалпақ республикаларын аралап, тылдағы кеңес халқының патриоттық, оптимистік сенімдерін күшейтуге, халықтың майданға көмек ұйымдастыру жұмыстарына елеулі дәрежеде септігін тигізді. Оның әйелі Фатима Төлегенова да Нартайдың бригадасында әрі әнші, әрі биші болып өнер көрсетті.

А.Тұяқбаевтың орындауындағы сыр саздары түрлі мұрағаттар мен Қызылорда облыстық радиосының Алтын қорына жазылды. 1962 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары ұйымдастырған кешенді экспедиция А.Тұяқбаевтың орындауында «Дүрдараз» (Ешнияз Жөнелтікұлы), «Молдабай» (Тәңірберді Молдабай), «Назым» (Т.Ізтілеуов), «Шайқыға хат» (Шораяқтың Омары), «Он сегіз мың ғаламнан» (Базар жырау Оңдасынұлы) сияқты т.б. сирек орындалатын термелер, ән-күйлер мен мақам саз нұсқаларын таспалады.

А.Тұяқбаев өзіндік мақамымен «Көрұғлы» және «Шерғұлы» дастандарын тәулік бойы жырлайды екен. Ақын Асқар Тоқмағамбетов жазғанындай «Ақмырза ағысы қатты ақпа жырау әрі күйші болды». А.Тұяқбаев 1991 жылы Қызылорда қаласында дүниеден өтті. Көзі тірісінде тұтынған сырнайы мен қара домбырасы қазір облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр.

2008 жылы Алматы қаласынан шыққан «Сыр сүлейін сұрасаң...» атты 10 CD-дискіден тұратын музыкалық антологиясына А.Тұяқбаев пен Ф.Төлегенованың репертуарындағы бірнеше жыр-дастандар, әндер мен күйлер енгізілген.

**Қарлығаш ЖАНАСБАЕВА,**
**Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының экскурсоводы**

## Мемлекеттік тіл – мемлекеттіліктің ұлттық коды

**Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді.**

Тілге құрмет отбасындағы тәрбиеден басталады. Тілін сүйетін, ұлтын құрметтейтін азамат тілдің маңызын ұрпағына үйретіп, жадысына тоқуы қажет. Жастайынан сіңірген білім ғана балаға сіңімді. Ендеше ана тілін бала сауатын аша бастағаннан сезініп өскен жөн. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл тазалығы – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау», – дей келе, ол баланың таным түсінігі қалыптаспай тұрып оның зейінін басқа тілге аударуға болмайтынын айтады. Ұлт көсемдері айтқандай қазақ тілі көркем де әдемі, әуезді тіл. Сол әдемі әуезден айырылмау жолында әрбір азаматқа атсалысу перзенттік парыз. Тілдің мәйегі ұлттың беделі. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға сіңген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Ал оған деген сүйіспеншілік пен құрмет бала кезден басталуы керек. Айналадағы адамдарға, өзінің өскен ортасына, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарастың бастауын да сол туған тілімізден аламыз.

Қорыта айтқанда Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі анықтаушысы, ой бейнелеуші. Мәдениет те, өнер де көркем тілмен кестеленеді. Рухани кемелдену де қазаққа ана тілі арқылы келді.

**Рахат АҚҚАСЫНОВ,**
**Жалағаш аудандық сотының бас маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қаракеткен ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысы шешім етеді:

1. Қаракеткен ауылындағы Дружба көшесі – Қарақұм, Карл Маркс көшесі – Әуелбек Қоңыратбаев, ЛСП көшесі – Қараөзек көшелері болып қайта аталсын.
2. Қаракеткен ауылдық округіндегі идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды өзгертуге, құжаттарын дайындап тиісті орынға тапсыру ауылдық округі әкіміне ұсынылсын.

Қоғамдастық жиналысының төрағасы Акмырзаев Камбар Токанович

Қоғамдастық жиналысының хатшысы Боданов Қайырқұл

**2022 жылғы III тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі**

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Есжанов Асқарбек Темірбекұлы | Аудан әкімі | Жұма күні сағат 16.00-18.00 аралығы | Апта сайын |
| 2 | Нұрмағанбетов Арнұр Әлібекұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Бейсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы | Апта сайын |
| 3 | Дарибаев Алтынбек Тұрмағанбетұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Дүйсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы | Апта сайын |
| 4 | Еспенбет Жасұлан Ерданұлы | Аудан әкімінің орынбасары | Сейсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы | Апта сайын |
| 5 | Куракбаев Мейрбек Амангелдіұлы | Аудан әкімі аппаратының басшысы | Сәрсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы | Апта сайын |

**2022 жылдың III тоқсанда Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі**

| р/с | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Мустафаев Адай Шонмурунович | Мәдениет ауылдық округі әкімі | Сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін | Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №3 | 35-4-07 |

# Қыркүйек таяп қалды...

**Соңғы күндері дүкендер мен базар іші адамға лық толы. Әрлі-берлі сапырылысқан нөпір халықтан аяқ алып жүре алмайсың. Сөредегі заттардың әрқайсысын ұстап көріп тұрған бірі «мынауың өте қымбат қой», деп арзанын сұрайды. Енді бірі бағасына қарамай, сатушы ұсынып, қолына ұстатқанын алып, дорбасына тоғытып жатыр. Әрине, асығыс екені түрлерінен көрініп тұр. Өйткені, олар шалғайдан келген ауыл тұрғындары. Саудаласып тұратын уақыттары жоқ, кешке дейін үйлеріне жетуі керек. Уақытынан кешіксе, мініп келген автобустары мен таксилері күтпейді. Алайда, бір заттың өзіне бірнеше мың теңге жұмсаған олардың екінші затын алуға ақшалары жетпей қалып жатыр...**

Бұлар – балаларына мектеп формасы мен оқу құралдарын алып, базар аралап жүрген ата-аналар. Тамыз да ортасына таяды. Аз күнде жаңа оқу жылы басталады. Бірінші қыркүйекке дейін мектеп жасындағы балаларының киімі мен оқу құралдарын түгендеуі тиіс. Базардағы қарбалас соның қамы және бұл жылдағы жағдай.

Әлеуметтік желілерде биыл оқу құралдарының, соның ішінде дәптердің бағасы шарықтап кеткенін жазып жатыр. Әрбір мектеп оқушысының басты құралы – дәптер және ол өз елімізден шығады. Қағаз бағасы да әзірге қант бағасынан арзан. Сондықтан алыпсатар саудагерлердің оны қымбаттатуының жөні жоқ. Оның үстіне Қазақстандағы «АБДИ» кеңселік тауарлар компаниясы әлемнің бірнеше ірі мемлекетінен мектепке қажетті тауарларды төменгі бағамен елімізге жеткізіп отыр.

Осы мақаламызды жазар алдында аудан орталығындағы базар мен бірнеше дүкендерді арнайы шолып шықтық. Мәселен базарда оқушыға арналған сөмке – 3000-4000 теңге аралығында, дәптер – 25 теңге, қалың дәптер – 150-200 теңге аралығында, сурет дәптері – 150-400 теңге аралығында, күнделік – 300-450-600 теңге аралығында, автоқарындаш – 25-250 теңге аралығында, түрлі-түсті қарындаш – 250-350 теңге аралығында, пламастер – 550 теңге, ермексаз – 250-800 теңге аралығында, ер балалардың костюм-шалбары – 15000-17000 теңге аралығында, ақ көйлек – 4000-5000 теңге аралығында, аяқ киімі – 7000-10000 теңге аралығында сатылып жатыр екен. Ал қыз балалардың бастан аяқ мектеп формасы – 15 000 теңгені құрайды.

Сондай-ақ бірнеше кеңсе заттары дүкендерінде және аралас сауда орындарында оқу құралдарының бағасы базардан қымбат. Әрине, әр заттың сапасына қарай бекітілген бағасы болады ғой. Алайда, бір күннен кейін жұқпай қалатын немесе сиясы оқушының үстін былғайтын сапасыз автоқарындашты, сонымен бірге көркем жазуға, есеп шығаруға арналған көзге көрінер-көрінбес сызықтары баланың көзін ауыртатын жолкөзді, торкөзді дәптерлерді саудаға шығарарда дүкен иесі алдымен өзі пайдаланып көріп, тексергені жөн және ол заттарды басқа емес, оқушылар пайдаланатынын ескеруі тиіс. Өйткені, біздің еліміздің, жаңа Қазақстанның болашағы біз тәрбиелеп, оқытып жатқан бүгінгі жас ұрпаққа тікелей байланысты. Сондықтан басқа тауарды былай қойғанда, оқушылар тұтынатын жазу-сызу құралдарын саудаға шығарып тұрған әрбір кәсіпкерде «ұлттың келешегіне, еліміздің ертеңіне обал жасамайын» деген жауапкершілік болғаны жөн.

Хош, сонымен қыркүйек таяғанда базарға немесе дүкенге бір кіріп-шыққан ата-ана үйіндегі бір оқушының жазу-сызу құралдары мен мектеп формасына орта есеппен 50-60 мың теңге ақша жұмсайды екен. Ал үйінде мектеп жасындағы 5-6 баласы бар ата-аналардың дәл осы айда қалтасынан шығатын ақшаны есептей беріңіз...

Жылда жаңа оқу жылында жыр болатын және айналып өтуге болмайтын тағы бір түйінді жайт бар. Ол – оқушылардың мектеп формасы. Әр мектептің формасы әр түрлі. Бірі шатыраш кисе, бірі қызғылт түсті, енді бірі қара түсті форма киеді. Республика бойынша мектептердің барлығына бірыңғай мектеп формасын енгізу жөнінде мәселенің көтерілгеніне біршама жыл болды. Бірақ әлі шешімін таппай келеді.

Жылдағы әдетінше, биыл да мұғалімдер әлеуметтік желідегі топтар арқылы ата-аналарға «әр мектеп қыз балаларға өздеріне тән белдемше мен кеудеше тіктіріңіздер немесе дайынын сатып алыңыздар» деген сыңайдағы тапсырмасын беріп тастады. Әрине, бұл орайда жоғарыдан тапсырма алатын мұғалімдерді кінәлай алмаймыз. Десе де, ұстаздар қауымы ата-аналардың бірыңғай мектеп формасын енгізу жайлы ұсынысын енді талапқа айналдыратын кез келген сияқты. Әлде қазіргі алабажақ әр түрлі мектеп формасы әлдекімдердің халықтың үстінен пайда көріп отырған көлеңкелі бизнесі ме екен?..

**Қуат АХЕТОВ**

**Дәуімбай елді мекенінің Ы.Алтынсарин көшесінде Съезд есімді жігіт тұрады. Тазалыққа келгенде көршілеріне ғана емес, сол көшенің тұрғындарының бәріне үлгі. Таңмен таласып ерте оянады. Ұйқымыздан тұрып, далаға шыққанда ең алдымен Съезді көреміз. Қолында қап, айналадағы шашылған бос шыны шөлмектерді, желмен ұшып келген полиэтилен қалталар мен қағаздарды теріп жүреді. Ауладан басталған тазалық жұмысы көше бойында жалғасады. Ешкімді тілдемейді, ұрыспайды. Керісінше, сол дағдылы ісінен ләззат алатын секілді. Аула мен көшенің бойын бір тазалап келіп, қап толы қоқысты арнайы шұңқырға төгіп және оны сұрыптап, өртейді. Сақтық шараларын да ұмытпайды. Ол – біріншіден, өрттің тілсіз жау екенін ескергені, екіншіден, көбіне қасында жүретін кішкентай баласының қауіпсіздігін ойлағаны.**

# Тазалық талапшысы

Кейде әзіл-шынды «Сәке, ерте тұрып алып, бізді ұялта бермеңіз. Тазалықты бір өзіңізге артып қойдық қой» десек, «Е, ұялатын ештеңесі жоқ, тазалық бәрімізге ортақ. Ауламыз да ортақ. Балаларымыз ойнайды. Таза тұрғаны дұрыс қой. Балаларымыз да тазалықты үйренеді. Бүгін біз үлгі болмасақ, кім үйретеді бұларға?! Біздің де ата-анамыздан көргеніміз ғой. Шынымды айтсам, осы жұмысқа әбден дағдыланып қалыппын. Ұйқымнан ояна сала құлшына кірісемін. Тіпті таңғы асымды ішпестен далаға қалай шығып кеткенімді білмей қаламын өзім. Күнде теріп алсам да, ертесіне ауладан, көше бойынан бір қап қоқыс шығады. Жас балалар ғой көшеге қоқыс тастайтын. Әйтпесе, үлкен кісілер айналасын ластамайды ғой», – дейді жайбарақат. Сонда да көршілерін, көшесінің тұрғындарын жамандыққа қимайды. Ондайда кей кездері еркімізден тыс қолымыздағы темекі тұқылын немесе сусынның бос шөлмегін лақтыра салатын біз ұялып төмен қараймыз...

Иә, тазалыққа қатаң талаппен қарайтын көршіміздің жеті жасар ұлы Ғизат та ойнап жүріп көрші балалар тастаған балмұздақ қорабы, шырынның босаған ыдысы, ойыншықтың сынықтары сияқты қоқыстарды жинап алып, әкесі арнайы іліп қойған қапқа барып салып келеді және соның барлығын үндемей жүріп атқарады. Оны әдейі бақылап отырмасаң, байқамайсың, әрине. Бұл – өнеге. Әкенің балаға құр сөзбен емес, іспен көрсете жүріп берген тәрбиесі. Ол баланы ешкім солай істе деп үйреткен жоқ, әкесінің қасында жүріп, көргенін істеді.

Иә, әр көшеге Съезд секілді бір тазалықшы, тазалықшы да емес-ау, жақсы өмір сүру үшін тазалық сақтаудың аса маңызды екенін айналасына үндемей жүріп үйрететін бір азамат керек-ақ!

**Қуат АДИС**

# Бүгінгі жас – ертеңгі ел тұтқасы

**Жүрегінде жалыны, бойында күш-қайраты бар қазіргі заманның жастары күн санап өзгеріп жатқан өмірге, әлемдік құбылыстарға қай кезде де дайын болуы керек. Өйткені, жастарға артылар сенім мол, жауапкершілік жүгі ауыр. Мұны білген жалағаштық жастар қай істе де бірлікпен білек сыбанып, тек нәтижелі жұмыстың жанынан табылып, еңбекқорлық, жан-жақты қабілеттерінің арқасында талай биіктен көрініп келеді. Аудан жастарының әрбір жетістігі біздің ортақ мақтанышымыз, ортақ абыройымыз.**

Қазіргі таңда ауданда 8 мыңға жуық жас бар. Бұл көрсеткіш жалпы халық санының 23 пайызға жуығын құрайды. Аудан жастарымен тікелей жұмыс жасайтын аудандық жастар ресурстық орталығының мұрындық болуымен жыл басынан бері ауқымды шаралар өтті. Биылғы жылы аудан жастары 14 жобаның жеңімпазы атанса, әр салада жетістікке жетіп, биіктерді бағындырып жүрген жас мамандар қаншама. Жастар орталығының өзі жастар саясатын жүзеге асыруда жүйелі жұмыстарды атқару үстінде. Мәселен, әлеуметтік жобалар аясында түрлі форматтағы шаралар, жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында жанды дауыста концерттік бағдарламалар, кино көрсетілім, жұмыссыз NEET санатындағы жастармен кездесулер, спорттық сайыстар ұйымдастырылып келеді. Осының ізімен 12 тамыз – халықаралық жастар күніне орай апта бойы түрлі бағытта шаралар өтті.

Жастар – болашақтың алтын діңгегі, ел келешегіне бастар нақты істердің темірқазығы дейміз. Ал жастарды қолдау – мемлекеттің даму статусын жоғары көтеретін, әлемдік аренадағы еліміздің асқақ беделін айқын көрсете алатын жүйелі бағдар. Мереке аясындағы шаралар легі 8 тамыз күнгі орталық алаңдағы «Мүмкіндіктер алаңынан» бастау алды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету, кәсіпкерлікті дамыту және жастардың сұранысындағы қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында кеңес беруді көздеген түрлі сала мамандары қабылдау өткізіп, аудан жастарының көкейіндегі сауалдарына құлақ түріп, мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жайлы кеңінен түсіндіріп берді. Ал жастар жағы «Мүмкіндіктер алаңына» қатысу арқылы сала мамандарынан жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік, білім, тұрғын үй мәселесі, денсаулық, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, жастардың тегін үйірмелер мен курстарға жазылуы және тағы басқа да бағыттар бойынша кеңес алды.

9 тамыз күні аудан жастары үшін рухани демалыс күні болды. Орталық алаңға жиналған жастар ашық аспан астында фильм тамашалап, оны өзара талқылап, ойларын ортаға салды. Иә, осы күні ұйымдастырылған шараның мақсаты да осы еді, жастардың бойында қазақ тіліндегі фильмдерге деген оң көзқарас, ерекше қызығушылық қалыптастыру болатын. Жалағаш аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен бөлім және мекеме қызметкерлері арасындағы «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» атты үстел теннисінің де берері көп деп есептейміз. Жат қылықтан ада, жамандықтан алыс болғысы келетін әрбір жас салауатты өмір салтын ұстанып, спортқа көңіл бөлуі керек. Ал аға-әпкелерінің спорт түрлерінен өзара тартысып, кейінгі буынға үлгі болғандары көңіл қуантады. Өйткені алдыңғы буынға қарап кейінгі буынның қалыптасатыны табиғи заңдылық. Аудан жастарын бұқаралық спортты дамытуға баулу, жастар арасында үстел теннисінен белсенділіктерін арттыру мақсатындағы жарыста барлығы 35 үміткер бақ сынады. Сайыс қорытындысы бойынша Жаңаталап ауылынан I орынды Сайлау Нұрсұлтан, II орынды бұқарбайлық Сырлыбай Нұрхан, III орынды Жалағаш кентінен Зкрия Ернұр иеленді. Сайыс жеңімпаздарына арнайы диплом, медаль мен қаржылай сыйлықтар үлестірілді. Үздік ойын көрсеткен қалған қатысушылар арнайы алғыс хат, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мереке қарсаңындағы шаралардың қатарында қолөнер шеберлерінің көрмесінің қойылуы да тегін емес. Өйткені қазақ қолөнерінің түрлері, түсі мен сапасы және әрбір өрнегі көшпелі өмірмен тығыз байланысты. «Шеберлінің қолы алтын» деп ұрпағының өнегелі де өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-бабамыз өз бойындағы барлық асыл қасиеттердің желісін үзбей бүгінгі күнге дейін жалғастырып келеді. Соның арқасында халықтың өнері, мәдениеті қазіргі буынның санасында жаңғырып, заманға сай дамуда. Бұрынғы қолөнердің негізі табиғи шикізаттарды пайдалана отырып, халықтың қолданысына ыңғайлы әрі сәнді бұйымдар жасау болған.

Жалпы қолөнер халық арман-тілегінің, мақсат-мүддесінің нышаны іспетті. Сондықтан да бұл өнердің маңыздылығы ерекше. Жазу-сызу болмаған кезеңдерде адамдар айтар ойын тасқа қашап, ойып қалдырған, сол себепті «Ағашқа ойып салу», «Сүйек ою өнері» дегендер осы уақыттарда қалыптасқан болса керек. Сол кездегі ою-өрнек, бедерлер келе-келе киізге, кілемге салынатын болды. Ал жастар күні қарсаңында орталық алаңда орналасқан қолөнер шеберлерінің туындылары осы өнердің дамуы өмір қажеттілігінен туындағанын байқатты. Осылайша апта бойы түрлі бағыттағы шараларға негізделген мерекелік тарту «Жастар – ел тірегі» атты гала-концертпен қорытындыланды.

Жастар үшін жасалған әрбір қолдау мен көмектің заяға кетпейтіні белгілі. Өйткені жастар біздің келешегіміз. Олардың саналы, білімді, бәсекеге қабілетті болып өсуі қоғам үшін үлкен олжа. Заманның ағымына ере алатын, бірақ қанша өзгерісті қабылдағанымен, осындай ұлттық құндылықтарды санасынан өшірмейтін жастар ұлтымыз үшін мақтаныш.

**Нұр НАУАН**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1344

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ